

«Сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1516 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 955 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1516 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Экономикалық интеграция істері министрі Жанар Сейдахметқызы Айтжанованы «Сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамына сайлауды қамтамасыз етсін.»

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов